

1943 жылдан
басылымда
(6201)
11 Сәуір
2026 жыл

Ел шебінде

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

ОТАН САҚСЫСЫ

«КӨКТЕМ-2026»

ЖАС САРБАЗДАР – ЕЛ ҚАЛҚАНЫ

15



ІСКЕРЛІК ПЕН
ЖАУАПКЕРШІЛІК
ТАНЫТҚАН

3




«САРБАЗ» - 10 ЛЕТ
НА ОХРАНЕ
КАСПИЯ

4



ШЕКАРАШЫЛАР
ТҰҒЫРДА

11



Елорда аспанының астында ерекше бір толқу, ерекше бір серпіліс сезілді. Көктемнің алғашқы шуақты күндерімен бірге ел жүрегінде жаңа үміт оянып, Отан қорғауға аттанған жас сарбаздардың қадамына ақ жол тілеген игі дәстүр жалғасын тапты. Астанадағы «Жастар» сарайында «Көктем-2026» шақырылымының жас толқынын салтанатты түрде шығарып салу рәсімі өтті.



Елорда аспанының астында ерекше бір толқу, ерекше бір серпіліс сезілді. Көктемнің алғашқы шуақты күндерімен бірге ел жүрегінде жаңа үміт оянып, Отан қорғауға аттанған жас сарбаздардың қадамына ақ жол тілеген игі дәстүр жалғасын тапты. Астанадағы «Жастар» сарайында «Көктем-2026» шақырылымының жас толқынын салтанатты түрде шығарып салу рәсімі өтті.

Бұл күн – тек бір топ жас жігіттің әскери өмірге қадам басыуы ғана емес, бұл – ел тағдырына жауапкершілікпен қараудың, азаматтық парызды сезінудің айқын көрінісі. Іс-шараны Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, елорда әкімдігі және Астана қаласының қорғаныс істері жөніндегі департаменті бірлесіп ұйымдастырды. Жоғары деңгейде өткен салтанатты жиын – тәртіп пен тағылымның, рух пен сенімнің үйлескен сәтіне айналды.

Бұл күні 21 жас сарбаз ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне жол тартты. Олар – енді ел шебін күзетіп, мемлекеттік шекараның беріктігін қамта-

масыз ететін сенімді қалқан болмақ. Әрқайсысының жанарында – толқыныс пен мақтанш, жүрегінде – туған елге деген адалдық сезімі. Салтанатты шараға елорда әкімдігінің өкілдері, Шекара қызметінің басшылығы, ардагерлер, әскери қызметшілер, офицерлер, «Жас шекарашы» қозғалысының тәрбиеленушілері, мектеп оқушылары, сондай-ақ сарбаздардың ата-аналары қатысты. Ұрпақтар сабақтастығы мен елдік рухтың айқын көрінісі болған бұл жиын көпшілікке ерекше әсер сыйлады.

Іс-шара барысында заманауи әскери киім үлгілері, мемлекеттік шекараны қорғауға арналған техникалық құралдар, қару-жарақ пен арнайы жабдықтар көрсетілді. Әсіресе қызметтік иттердің шеберлігі көпшіліктің назарын аударып, көрермендердің ықыласына бөленді. Бұл – шекара күзетінің тек батылдыққа қана емес, кәсібилік пен заманауи технологияға сүйенетін күрделі қызмет екенін тағы бір дәлелдеді.

Жас сарбаз Дініслам Көбес өз сөзінде: «Мен Отан алдындағы борышымды абыроймен өтеуге дайынмын. Шекара қызметі – үлкен жауапкершілік ері зор мәртебе», – деп, жүрек-

жарды ойын жеткізді. Оның бұл сөзі – бүгінгі жастардың бойындағы патриоттық рухтың айқын айғағы.

Салтанатты жиында Шекара қызметі директорының орынбасары генерал-майор Төлеужан Жүнісов жас буынға ақ жол тілеп, ел алдындағы қасиетті міндеттің маңызын атап өтті. Ал «Есіл толқындары» ансамблінің ақ жаулықты әжелері мен ақсақалдары ән мен батасын арнап, ұрпаққа рухани қолдау көрсетті. Бұл – дәстүр мен тағылымның, үлкен мен кішінің арасындағы алтын көпір іспетті әсерлі сәт болды. Шара концерттік бағдарлама мен көрсетілімдік қойылымдарға ұласып, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Бүгін аттанған жас сарбаздар – ертең ел тыныштығының кепілі. Олардың әр қадамы – тәуелсіздіктің тұғырына қосылған үлес. Оларға артылар сенім зор, ал олардың жүрегіндегі жалын – мәңгілік елдің шамшырағы.

ҚР Журналистер одағының мүшесі,
подполковник Ж. КЕМЕЛ, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген қатардағы Д. КУАНЫШЕВ.



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасы «Көксу» шекара бөлімшесі – ел шебі күзетіндегі маңызды ұжымның бірі. Бөлімшенің жауынгерлік қызметі тәулік бойы тоқтаусыз жалғасатын, үлкен жауапкершілік пен қырағылықты талап ететін күрделі міндеттерден тұрады. Шекара – мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігінің айнасы болса, сол айнаға дақ түсірмей күзету – шекарашылардың қасиетті борышы.

Бөлімше әскери қызметшілері табиғаты күрделі, ауа райы құбылмалы аймақта қызмет атқарады. Таулы өңір, өзен аңғарлары мен қалың жынысты белдеулер – олардың күнделікті қызмет орны. Осындай қиын жағдайларға қарамастан, шекарашылар өз міндеттерін адал атқарып, әрбір қадамды жіті бақылауда ұстайды.

Жауынгерлік қызметтің басты бағыты – мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту әрекеттерінің алдын алу, күдікті жағдайларды дер кезінде анықтау және құқықбұзушылықтарға жол бермеу. Бұл үшін шекарашылар үнемі қызмет атқарып, қырағылық танытады. Әрбір қозғалыс, әрбір белгі олардың назарынан тыс қалмайды.

«Көксу» шекара бөлімшесінің бүгінгі табысты қызметі оның басшысы майор Нұрмұхаммед Исмайылдың есімімен тығыз байланысты. Ол жас кезінен бастап шыңдалып, кәсіби тәжірибе жинақтаған білікті офицер. Арнайы әскери білім алған, түрлі қызметтік сатылардан өткен ол бөлімшені басқаруда жауапкершілік пен талапшылдықты басты орынға қояды.

Майор Нұрмұхаммед Қайратұлы

жеке құрамның жауынгерлік дайындығына, тәртіп пен бірлікке ерекше көңіл бөледі. Оның басшылығымен шекарашылар өз міндеттерін жоғары деңгейде атқарып, сеніп тапсырылған аумақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тұрақты нәтижелерге қол жеткізіп келеді.

Шекарашылардың жұмысы тек физикалық дайындықпен ғана шектелмейді. Олар жоғары кәсіби білімді, тәртіпті және моральдық тұрғыдан берік болуы тиіс. Қызмет барысында жедел шешім қабылдау, тәуекелге бару, қиын жағдайда дұрыс бағыт табу да шекарашының басты қасиеттерінің бірі.

Шекарашылардың тағы бір маңызды міндеті жастарға патриоттық тәрбие беру. Болашақ ұрпаққа Отанды қорғаудың маңызын түсіндіру, елге деген сүйіспеншілікті арттыру да олардың азаматтық миссиясының бір бөлігі.

Қорытындылай айтқанда, «Көксу» шекара бөлімшесінің жауынгерлік қызметі – табандылық үлгісі.

Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.



«Ақсуат» шекара бөлімшесінің тынысы – табиғаттың мінезіндей алуан. Кей күндері самал жел көңілді сергітіп өтсе, кей сәтте төңірек тұнжырап, аспанның өзі қабағын түйіп алғандай сезіледі. Осындай құбылмалы кеңістікте адамның да мінезі шыңдалады. Бөлімше аумағында әрбір әскери қызметші уақыттың қадірін біледі: мұнда «кейін» деген сөзге орын тар, ал «қазір» деген ұғымның салмағы ауыр. Өйткені шекара – қырағылықты сүйетін, бейқамдықты көшірмейтін ұғым.

Осы ұжымның тізгінін ұстаған аға лейтенант Нұрмұхаммед Тұрлыбай – жасы жас болғанымен, қабағында талаптың табы, сөзінде нақтылықтың салмағы бар жас басшы. Оның жас офицерге тән жалын-жігері ұжымға серпін беріп, қызмет мәдениетін жаңаша қарқынмен ұйымдастыра білгені байқалады. Кейде басшылықтың айбыны қатқыл үннен емес, әділ өлшемнен танылады. Нұрмұхаммед Маратұлы дәл осы қасиетімен көзге түсіп келеді: әскери тәртіпке келгенде қатаң, адамға келгенде әділетті. Ол бөлімшенің әр жауынгеріне жеке талап қоя отырып, бәрін бір мақсатқа – ортақ жауапкершілікке жұмылдыра біледі.

Бөлімшенің ерекше бір қасиеті – жергілікті тұрғындармен байланысының бекемдігі. Шекара бойындағы ауылдың тіршілігі мен шекара қызметінің тынысы бір-біріне бөтен емес: екеуі де ел амандығын тілейді, екеуі де тыныштықты қадірлейді.

СЫЙЛАСТЫҚ ІЗІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты, Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасының «Ақсуат» шекара бөлімшесі – көзге көп түсе бермейтін, бірақ ел тынысын үздіксіз күзетіп тұрған байыпты ұжымның мекені. Бұл жерде қызметтің салмағы да, мәні де дабырамен емес, күн сайынғы тәртіппен, қайталанатын жатығумен, үнсіз жауапкершілікпен өлшенеді.



Сондықтан «Ақсуат» әскери қызметшілері ауыл ақсақалдарымен, белсенді азаматтарымен, жастармен жылы қарым-қатынас орнатып, өзара түсіністіктің көпірін сақтайды. Кейде бір ауыз амандасу, бір ауыз жөн сұрасу – үлкен сенімнің басы. Ал сенім бар жерде талай мәселе өзінен-өзі реттеледі: ортақ тәртіп орнығады, ортақ жауапкершілік қалыптасады. Жергілікті жұрттың да бұл бөлімшеге деген ықыласы бөлек. Өйткені мұндағы жасақ өзін «сырттан келген күш» ретінде емес, осы өңірдің тыныштығына ортақтас, жұртпен тағдырлас ұжым ретінде ұстайды. Қажет жерде түсіндіру жұмысын жүргізу, жастарға бағыт-бағдар беру, ұлттық құндылықтарды ұлықтау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – бәрі де қарым-қатынастың мәдениетін қалыптастырады.

«Ақсуаттағы» күндер бір қарағанда бір-біріне ұқсас көрінуі мүмкін. Бірақ әр күннің өз міндеті, әр сәттің өз сынағы бар. Мұнда таңғы салқынмен басталған қызмет кешкі тыныштыққа ұласқанда ғана уақыттың толық өткені сезіледі. Күн ұзаққа созылған еңбектің арасында әр жауынгердің жүрегінде бір тұмардай сөз тұрады: ел шебі – елдің намысы, тыныштық – халықтың бақыты. Сол бақытты сақтау үшін бөлімше ұжымы өз ішкі тәртібін бекем ұстап, кәсіби сергектігін жоғалтпайды.

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.

ІСКЕРЛІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАНЫТҚАН



Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғау – ел қауіпсіздігінің басты тіректерінің бірі. Бұл жауапты міндетті абыроймен атқарып отырған ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасының «Қарақұдық» шекара бөлімшесі.

Аталған бөлімшенің қалыптасу және даму тарихы кезең-кезеңімен өрбіген. 2012 жылы Қарақұдық құдығы маңында алғаш рет шекаралық пост құрылып, 2014 жылы Айдаубай құдығында толыққанды шекара заставасы қайта жасақталды. Кейін 2016 жылы Тайыр құдығы аумағына көшіріліп, қазіргі орналасқан жерінде қызметін жалғастырып келеді. Бұл – бөлімшенің қызметтік икемділігі мен стратегиялық маңызын айқындайтын маңызды фактор. Аталған аумақтың географиялық ерекшелігі – құмды далалы және құмды жоталы аймақтардан тұруында. Мұндай табиғи жағдайлар шекара күзетінде ерекше қырағылық пен кәсіби дайындықты талап етеді. Инженерлік-техникалық тұрғыда «Қарақұдық» шекара бөлімшесі толық жабдықталған. Атап айтқанда, бөлімше аумағы тікенді мырышталған сыммен қоршалып, темір бақылау мұнаралары, жылыту пункті және ашық бақылау бекеттерімен қамтамасыз етілген. Бұл – мемлекеттік шекараның қорғалу деңгейін арттыруға бағытталған кешенді шаралардың нәтижесі.

Бөлімшенің жеке құрамы да жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленеді. Қазіргі уақытта бөлімше бастығы лауазымын аға лейтенант Меірбек Нурболат атқарады. Ол ҚР ҰҚК Шекара академиясын үздік тәмамдап, қызмет жолын 2023 жылдан бастап абыроймен жалғастырып келеді. 2025 жылдан бері «Қарақұдық» шекара бөлімшесін басқарып, ұжымды ұйымдастыруда іскерлік пен жауапкершілік танытып отыр.

Қызмет барысында бөлімше әскери қызметшілері нақты нәтижелерге қол жеткізуде. Мәселен, бөлімше жүргізушісі департамент бойынша «Үздік жүргізуші» атанып, марапатталған. Сондай-ақ, ұйымдастырылған жедел іс-шаралардың нәтижесінде заңсыз мал айдап өту фактілерінің жолы кесілген. Ағымдағы жылдың басынан бері құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында бірқатар нәтижелі жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде 9 шекара бұзушы анықталып, 2 мемлекеттік шекара режимін бұзған тұлға ұсталды. Бұл көрсеткіштер бөлімше қызметінің тиімділігін айқын көрсетеді. Бұдан бөлек, «Қарақұдық» шекара бөлімшесі жергілікті атқарушы органдармен, Шардара ауданы бойынша ҰҚК бөлімшелерімен, ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы құрылымдарымен тығыз өзара іс-қимыл орнатқан. Бірлескен жұмыстардың арқасында шекаралық аймақтағы құқықбұзушылықтардың, заңсыз көшіқон мен контрабандалық әрекеттердің алдын алу жүйелі түрде жүзеге асырылуда.

«Қарақұдық» шекара бөлімшесі – мемлекеттік шекараны қорғау ісінде жоғары жауапкершілік пен кәсібилікті үйлестірген ұжым. Олардың күнделікті қызметі – ел тыныштығы мен қауіпсіздігінің сенімді кепілі.

Подполковник
Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

БДИТЕЛЬНОСТЬ В ТИШИНЕ СТЕПИ

Пограничное отделение «Уялы» в Северо-Казахстанской области давно закрепило за собой репутацию одного из наиболее устойчивых и результативных подразделений. Здесь служба выстроена четко: от боевой подготовки до повседневного контроля на участке. Не случайно отделение, возглавляемое старшим лейтенантом Жандарбеком Танжарбаевым, стабильно входит в число лучших.

4 марта. 19.35 часов. Поселок Уялы уже погрузился в вечер. Свет в окнах, редкие шаги на улице, привычный уклад маленького приграничного поселка, где все друг друга знают – если не по имени, то в лицо точно.

Младший сержант Кайырбеков Жандарбек – тезка начальника пограничной заставы, возвращался с наряда. День позади, служба сдана, но внутреннее напряжение, знакомое каждому пограничнику, не уходит по команде «Вольно!».

Он заметил его не сразу – скорее почувствовал.

Фигура двигалась по улице неровно. Не к дому. Не к людям. Как будто человек шел, постоянно меняя решение, куда направиться дальше. Оглядывался. Замедлялся. Снова шел.

В таких местах это выглядит чужеродно.

Жандарбек сократил дистанцию.

– Куда направляетесь?

Мужчина остановился. Ответ прозвучал почти без паузы, будто заготовленный заранее:

– Материал собираю... книгу пишу.

Слова были правильные. Интонация – нет. В подобных ситуациях опыт работает быстрее логики. Слишком аккуратный ответ. Слишком неуместный.

Решение о проверке принимается мгновенно. Досмотр. Карман. Сумка.

И вот уже первая деталь, которая ломает легенду: 60 тысяч российских рублей и 400 долларов США.

Для случайного человека – слишком много. Для «писателя» в приграничном поселке – необъяснимо.

Пауза становится тяжелее. Вопросы – короче. Ответы – осторожнее.

Картина начинает складываться, как это бывает в плохом детективе – слишком быстро и слишком логично, чтобы быть случайной.

Позднее время. Незнакомец. Поведение, выбивающееся из привычного. Надуманная причина нахождения. И деньги – как немой аргумент, который нельзя игнорировать.

Дальше – без лишних движений. Гражданин задержан. И уже в ходе разбирательства вскрывается главное: перед пограничниками – гражданин

Республики Казахстан, которому был закрыт выезд из страны.

Именно это объясняет все. И вечерние метания. И попытку держаться в тени. И странную «легенду».

Попытка уйти за пределы страны не состоялась. Она закончилась здесь – на тихой улице поселка Уялы, где, казалось бы, ничего не происходит.

Без погони. Без тревожных сирен. Без второго шанса.

Просто потому, что один человек вовремя заметил другого.

Такие эпизоды не всегда попадают в сводки как громкие задержания. Но именно они – настоящая линия обороны.

Граница начинается не с колючей проволоки. Она начинается с внимания.

И в тот вечер она устояла – благодаря бдительности пограничника, который даже вне наряда остался на службе.

Майор
Д. МУКАЖАНОВА,
«OS-ЧР». Фото из подразделения границы.





«САРБАЗ» - 10 ЛЕТ НА ОХРАНЕ КАСПИЯ

Корабль второго ранга проекта «Барс-300» построен на Уральском судостроительном заводе и спущен на воду 29 апреля 2016 года. По меркам Каспийского моря он обладает внушительными характеристиками: длина – 42 метра, ширина – 8 метров, автономность плавания – до 10 суток, скорость – до 30 узлов.

Сегодня кораблем командует капитан 3-го ранга Ахмет Ашимов, выпускник Санкт-Петербургского военно-морского политехнического института. За плечами офицера – обширный служебный опыт, накопленный на кораблях береговой охраны.

– После выпуска я начинал службу командиром боевой части на пограничном сторожевом корабле «Ақтау», потом я был назначен заместителем командира корабля «Нурсултан», заместителем – старшим помощником командира корабля «Сарбаз», а в 2024 году командиром на ПСКР «Сарбаз», – рассказывает Ахмет Ашимов.

По словам офицера коллектив «Сарбаза» очень дружный и сплоченный. Именно поэтому экипаж показывает высокие результаты в службе и дисциплине.

Большой вклад в боевую готовность вносят офицеры корабля: благодаря их профессионализму, слаженной работе и высокой ответственности обеспечивается выполнение поставленных задач. В их числе – старший помощник командира корабля старший лейтенант Аслан Амангелдиев, заместитель командира по электромеханической боевой части капитан-лейтенант Руслан Исмаилов и командир боевой части связи и радиотехнической службы лейтенант Дәулет Айдарбеков.

Не отстают и старшины контрактной службы, на которых ложится основная нагрузка в повседневной работе: они контролируют работу систем обеспечения и поддерживают дисциплину личного состава. Старшина команды БЧ-2 старшина первой статьи Сыздықов Көпжан, старший электрик старший матрос Азамат Ермеков, радиотелеграфист-радиометрист старший матрос Бекарыс Ақбердыев и старшина команды мотористов старшина первой статьи Елдар Елкелдиев зарекомендовали себя как настоящие профессионалы.

Ровно столько пограничный сторожевой корабль надежно охраняет морские рубежи Казахстана в Каспийском море. За это время экипаж боевого судна провел сотни успешных операций, задержав нарушителей государственной границы, браконьеров и незаконных мигрантов.



Службу на корабле также проходят матросы срочной службы, уже показавшие себя с положительной стороны. Так, старший радиотелеграфист-радиометрист рядовой Мадияр Абатов и старшина команды электриков матрос Ғалымжан Нұрсұлтан добросовестно выполняют возложенные на них обязанности. Коллектив «Сарбаза» – это единый организм, где

каждый понимает свой долг и ответственность за общий результат. Здесь ценится дисциплина, внутреннее осознание службы и готовность действовать на благо Родины.

Фото старшего лейтенанта А. АМАНГЕЛЬДИЕВА.

СОВМЕСТНЫЙ ОТПОР БРАКОНЬЕРСТВУ

Пограничная служба КНБ Республики Казахстан продолжает принимать меры, направленные на сохранение биологического богатства Каспийского моря.



В период с 1 по 30 апреля Департаментами ПС КНБ по Мангистауской и Атырауской областям, во взаимодействии с пограничными ведомствами Российской Федерации и Республики Азербайджан, а также казахстанскими государственными органами проводится I этап совместных оперативно-профилактических мероприятий.

Начальник управления береговой охраны ДПС КНБ по Мангистауской области капитан первого ранга Талгат Туребаев отметил, что СОПМ проводятся в целях поддержания благоприятного режима плавания, пресечения браконьерской деятельности и охраны морских биологических ресурсов в Каспийском море.

– Наблюдение за надводной обстановкой, контроль над производством хозяйственной, промысловой, исследовательской, изыскательной и иной деятельностью, соблюдение правил пребывания судами и малыми плавсредствами в казахстанском секторе Каспийского моря, относящаяся к основным задачам морских подразделений, – прокомментировал офицер.

Стоит отметить, что в период проведения СОПМ контроль за соблюдением установленных режимов в казахстанском секторе Каспийского моря будет усилен.

Кроме того, подразделения департаментов параллельно принимают участие в широкомасштабной рыбоохранной акции «Бекіре-2026», в рамках которой проводят совместные мероприятия с представителями местных органов власти приграничных населенных пунктов и сотрудниками правоохранительных структур, по сохранению естественной популяции рыбных ресурсов в Каспийском море, а также обеспечению миграции рыбы к местам нереста.

Полосу подготовил капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «ОС-ЧР». Фото капитана 1-го ранга Т. ТУРЕБАЕВА.





ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ЖҰМЫС НАҚТЫ НӘТИЖЕ БЕРІП КЕЛЕДІ

Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда өңірлік қауіпсіздіктің деңгейі тек күштік құрылымдардың дайындығымен ғана емес, ең алдымен мемлекеттік органдар арасындағы ақпарат алмасудың жеделдігі мен жүйелілігіне тәуелді. Уақытылы жеткен бір ғана дерек – тұтас жағдайды өзгертіп, қауіптің алдын алуы мүмкін. Ал көшіккен ақпарат – орны толмас салдарға әкелуі ықтимал

– үйлесімді әрекеттің нақты жемісі.

Тағы бір маңызды мысал – Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының бағытында орын алған төтенше жағдай. Таулы аймақта жол апатына ұшыраған шекарашыларды құтқару кезінде әр секунд шешуші рөл атқарды. Жедел ақпарат алмасудың арқасында авиация уақытылы тартылып, әскери қызметшілер толықтай аман-есен эвакуацияланды. Бұл – кәсібилік пен үйлесімділіктің айқын көрінісі.

Кездесу қорытындысында тараптар нақты келісімдерге қол жеткізіп, олар ресми түрде бекітілді. Бұл шешімдер алдағы уақытта мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды бірнеше есе күшейтіп, қауіп-қатерге қарсы тұру қабілетін арттыра түседі.

Бүгінгі таңда бір нәрсе анық: қауіпсіздік – бұл тек қару мен техника емес. Бұл – үйлесімді әрекет, жедел ақпарат және бір мақсатқа жұмылған күш. Ал Абай облысында осы бағыттағы жұмыс нақты нәтиже беріп келеді.

**Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».**
Суретті түсірген автор.



жүргізіп, өңірдегі қауіпсіздік құрылымдарының басын қосты. Кездесуге ҰҚҚД, ПД, ТЖД, «Шығыс» өңірлік бас қолбасшылығы, Әуе қорғанысы күштерінің 31767 әскери бөлімі мен Ұлттық ұланның 5511 әскери бөлімінің өкілдері қатысты. Бұл – күш біріктірген құрылымдардың ортақ мақсат жолындағы нақты әрекеті.

Айта кету керек, бұл – Абай облысы құрылғаннан бергі алғашқы осындай кең ауқымды кездесу. Демек, бұл бастама – өңір қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жаңа кезеңнің бастауы.

Кездесу барысында құрғақ сөз емес, нақты нәтижелер мен дәлелдер айтылды. 2024 жылы «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының мерзімді әскери қызметшісін іздестіру кезінде ақпарат алмасудың тиімділігі айқын көрінді. Дер кезінде берілген мәліметтің арқасында ол мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болған сәтінде «Семей» шекара басқармасының әскери қызметшілерімен ұсталды. Бұл

Сондықтан да Абай облысында мемлекеттік құрылымдардың өзара іс-қимылын жаңа деңгейге көтеруге бағытталған маңызды қадам жасалды. ҚР ҰҚК Шекара қыз-

меті Абай облысы бойынша департаментінде өткен жұмыс кездесуі – осының нақты дәлелі.

Департаменттің жауынгерлік кезекшілік және ахуалдық

ақпараттандыру басқармасының бастамасымен ұйымдастырылған жиынды департамент бастығының бірінші орынбасары – штаб бастығы полковник Куандық Утяпов

ҚЫЗМЕТ ОРНЫ – БӨП

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТІҢ ДӘЛЕЛІ

Шекара – егемендіктің қалқаны, халықтың бейбіт тіршілігінің берік қорғаны. Осы биік жауапкершілікті Ақтөбе облысындағы «Ақтөбе» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесі абыроймен атқаруда. Өңірдің әуе қақпасында тәулік бойы қырағылық танытып тұрған бұл бөлімше ширек ғасырға жуық уақыт ішінде шекара қызметінің сенімді тірегіне айналды.




таңдауы. Күн сайынғы қарбалас, халықаралық рейстердің легі, түрлі мінез-құлықтағы жолаушылар – осының бәрі шекарашыны ширатып, кәсіби деңгейін үнемі көтеріп отыруға мәжбүр етеді. Теориялық дайындық пен практикалық машық ұдайы жетілдіріліп отырады.

Ұжымды капитан Қайрат Жақсылық басқарады. Оның басшылығымен бөлімшеде қызметтік тәртіп пен жауынгерлік өзіндікке баса мән берілген. Орынбасары аға лейтенант Ергали Ізім де жеке құрамның үйлесімді жұмысына серпін беріп келеді. Ал капитан Ақжан Иманбекова жас шекарашылардың кәсіби қалыптасуына бағыт-бағдар көрсетіп, тәжірибесімен бөлісуде. Бұл офицерлердің талапшылдығы мен әділдігі бөлімшеде сенім мен жауапкершілікке негізделген ахуал қалыптастырған.

2025 жылдың басынан бері бөлімше 656 жедел тапсырманы мүлтіксіз орындады. Көші-қон заңнамасын бұзудың 33 дерегі анықталып, қару-жараққа қатысты 2 заңсыз әрекеттің жолы кесілді. Сонымен қатар тыйым салынған діни әдебиетті алып өтудің 5 фактісі және заңсыз ақша тасымалдаудың 7 жағдайы тіркелді. Бұл көрсеткіштер – құр статистика емес, шекарашылардың күнделікті тынымсыз еңбегінің нәтижесі.

Жауынгерлік даярлықпен қатар спорттық және зияткерлік жетістіктер де назардан тыс қалмайды. 2024 жылы 18 тамыз – Шекарашылар күніне арналған шағын футбол турнирінде департамент бойынша II орын иеленуі – ұжымның ұйымшылдығын айқындады. Атақты мерген қыз Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына орай өткен шахмат жарысында бөлімшенің кіші бақылаушы-радиотелефонист қатардағы жауынгер Наурыз Қойшыбаев бас жүлдені жеңіп алды. Ал 2024 жылдың қорытындысы бойынша Ақтөбе облысы департаментінің «Ең үздік шекаралық бақылау бөлімшесі» атануы – кәсіби шеберліктің нақты дәлелі.

«Мемлекет шекарадан басталады» деген қағида



бұл бөлімше үшін ұран ғана емес, күнделікті қызметтің темірқазығы. Ақтөбе өңірінің әуе қақпасында тұрған авиациялық шекаралық бақылау бөлімшесі – тәуелсіздіктің тынысын күзеткен айбынды бөлімше.

Аға лейтенант Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».
Суреттерді түсірген автор.

1995 жылғы 23 тамызда іргесі қаланған бөлімше сол күннен бастап Қазақстанның әуе кеңістігіндегі шекаралық бақылауды қамтамасыз етіп келеді. Бөлімшенің негізгі міндеті – Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы арқылы өтетін адамдар мен көлік құралдарының заңдылығын бақылау, көші-қон талаптарының сақталуын қадағалау, құқықбұзушылықтардың алдын алу. Сонымен қатар терроризм, экстремизм, заңсыз көші-қон, контрабанда сынды қауіп-қатерлерге тосқауыл қою.

Бөлімше жеке құрамы толық жасақталған. Әрбір әскери қызметші Отан алдындағы антына адал. Олар үшін шекара – қызмет орны ғана емес, тағдыр



ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ЖИЫНЫ

Шекара қызметі тек қырағылық пен батылдықты ғана емес, жоғары техникалық дайындықты да талап етеді. Осы мақсатта ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қару-жарақ департаментінің ұйымдастыруымен әскери мамандардың кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған маңызды оқу-жаттығу жиыны өтті.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы шекара басқармасының кәсіптік және техникалық даярлау бөлімінде ұйымдастырылған бұл жиын әр өңірден келген мамандардың басын қосты. Әртүрлі шекара басқармаларынан жиналған әскери қызметшілер шынжыр табанды транспортерлер мен жаяу әскер жауынгерлік машиналарын басқару, пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша өз білімдерін жетілдірді.

Оқу-жаттығу барысында қатысушылар тек теориялық біліммен шектелмей, тәжірибелік тапсырмаларды орындауға ерекше көңіл бөлді. Құрамалы экипаждар ұзақ қашықтыққа жорық жасап, техниканы күрделі жағдайларда басқару дағдыларын шыңдады. Мұндай сынақтар әскери қызметшілердің төзімділігі мен үйлесімді әрекетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Жиын соңында мамандардан емтихан қабылданып, олардың дайындығын бағалады.



ындық деңгейі жан-жақты бағаланды. Нәтижесінде көптеген қатысушылар жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, өз ісінің нағыз маманы екенін дәлелдеді.

Жиын барысында өздерінің кәсіби деңгейлерін жоғары көрсете алғандары үшін Мақаншы, Панфилов, Ақтөбе, Зайсан, Алакөл, Сарыағаш шекара басқармаларының мамандары ерекшеленді.

Оқу жиынының аға жетекшісі ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқарма бастығының орынбасары полковник Жекебай Байсаханов, сабақ жетекшісі Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы кәсіптік және техникалық даярлау бөлімінің топ бастығы майор Дулат Абилхасов.

Аталған оқу-жаттығу жиыны – әскери қызметтің сапасын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстың бір көрінісі. Мұндай шаралар шекара қызметінің техникалық әлеуетін күшейтіп қана қоймай, мамандардың өзара тәжірибе алмасуына мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, шекарашылардың кәсіби дайындығы – ел қауіпсіздігінің кепілі. Ал осындай оқу-жаттығулар сол кепілдіктің берік болуына негіз қалайды.

«КӨКТЕМ-2026»

ҰЛАНДАР ШЕКАРАҒА АТТАНДЫ

Талдықорған қаласында өткен «Көктем-2026» шақырылымын салтанатты түрде шығарып салу рәсімі – ел болашағына бейжай қарамайтын, Отан қорғауға дайын жас ұрпақтың үлгілі көрінісі болды. Бұл шара ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен жоғары деңгейде өтіп, патриоттық рух пен жауапкершіліктің үлгісін көрсетті.



Салтанатты рәсімге Шекара қызметінің ардагерлері, әскери қызметшілер, жастар және олардың ата-аналары қатысты. Жиын барысында жиырмадан астам бозбала ел шебін күзету жолында алғашқы қадамдарын жасап, әскери қызметке аттанды. Бұл – көктемгі шақырылымның кезекті легі. Бұған дейін бірнеше топ аттанса, алдағы уақытта тағы да жас сарбаздар қатарға қосылмақ.

Жас ұландар алдағы уақытта Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында әскери қызметін өтеп, мемлекеттік шекараны қорғау секілді жауапты міндетті арқалайды. Бұл – тек әскери борыш емес, әр азаматтың ел алдындағы қасиетті парызы. Шекара қызметі – тәртіп пен төзімділікті, батылдықты пен адалдықты талап ететін ерекше сала. Сондықтан мұнда қызмет ету – үлкен сенім мен абырой.

Іс-шара барысында ардагерлер мен әскери қызметшілер жастарға ақ жол тілеп, Отан алдындағы борышты адал атқаруға шақырды. Олар өз сөздерінде шекарашы болудың маңыздылығын, ел тыныштығын сақтау жолындағы жауапкершілікті ерекше атап өтті. Жастарға тек әскери тәртіпті сақтау ғана емес, адамгершілік пен елжандылық қасиеттерді биік ұстау керектігі де айтылды.

Рәсім ерекше әсерге толы жағдайда өтті. Әскери сап түзеп тұрған жас сарбаздардың жүзінен сенім мен жігер байқалды. Олардың бойында туған жерге деген сүйіспеншілік пен ел алдындағы жауапкершілік сезімі анық көрінді. Бұл – болашақ Отан қорғаушылардың рухани дайындығының белгісі.

Осындай шаралар жастардың патриоттық санасын қалыптастырып қана қоймай, қоғамда әскери қызметтің мәртебесін арттыра түседі. Әскерге аттанған әрбір жас – елдің қорғаны, халықтың үміті.

Қорытындылай келе, «Көктем-2026» шақырылымын шығарып салу рәсімі – ел бірлігін, ұрпақтар сабақтастығын және Отанға деген адалдықты айқындайтын маңызды оқиға болды. Жас сарбаздардың алдағы қызмет жолы табысты болып, олар ел тыныштығын күзетуде абырой биігінен көріне беретініне сенім мол.

Бетті әзірлеген ҚР Журналистер одағының мүшесі, подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР». Суреттерді түсірген автор.

ҚЫЗМЕТ – ӨМІР МҰРАТЫ

Ел шебін күзету – ердің ісі. Ал сол қасиетті міндетті саналы ғұмырына серік еткен жандар – нағыз Отан қорғаушылар. Осындай ел шекарасының тыныштығын күзетіп жүрген білікті офицерлердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Қару-жарақ басқармасының консультанты подполковник Бауыржан Нурадинбеков.

Бауыржан Қарабаевич 1981 жылдың 9 маусымында Түркістан облысының Сарыағаш қаласында дүниеге келген. Сарыағаш қаласындағы М.Әуезов атындағы мектепте 1988–1998 жылдар аралығында білім алды. Жастайынан әскери қызметке қызығушылық танытып, болашағын ел қауіпсіздігімен байланыстырған ол Ресей Федерациясының Калининград қаласындағы Федералды қауіпсіздік қызметінің Шекара институтына оқуға түсіп, 2002–2007 жылдары радиотехника мамандығы бойынша жоғары білім алады.

Әскери қызмет жолын 2007 жылдан бастаған Бауыржан Қарабаевич әр жылдары еліміздің әр өңіріндегі шекаралық бөлімдерде жауапты қызметтер атқарды. Сарыағаштағы 2020 әскери бөлімінде қару-жарақ бөлімшесінің инженерлік-техникалық қызметінің аға офицері болып еңбек жолын бастап, кейін Жәнібек елді мекеніндегі 2036 әскери бөлімінде осы бағытта қызмет етіп, қызмет бастығына дейін көтерілді.

Ақтөбе қаласындағы 2030 әскери бөлімінде, Ақтау қаласындағы Батыс өңірлік басқармада, Мақтаарал өңіріндегі бөлімдерде қызмет атқара жүріп, өзінің кәсіби шеберлігін, ұйымдастырушылық қабілетін дәлелдей білді. Атқарған лауазымында ол қару-жарақтың сақталуы мен техникалық жарамдылығын қамтамасыз етуде, әскери бөлімдердің материалдық-техникалық базасын нығайтуда аянбай еңбек етті.



Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР». Сурет отбасылық мұрағаттан.

СЕРТКЕ АДАЛ ОФИЦЕР

Қасиетті міндетті абыроймен атқарып жүрген шекарашылардың еңбегі әрдайым құрметке лайық. Солардың қатарында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының «Шілікті» шекара бөлімі бастығының орынбасары майор Орынбек Мәди бар.



Орынбек Мәди 1993 жылдың 9 қарашасында Қызылорда облысы Жалағаш ауданында дүниеге келген. Қарапайым еңбекқор отбасында тәрбиеленген ол бала кезінен тәртіпке, жауапкершілікке, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйреніп өсті. Әкесі Сырмағанбет Жамалатов пен анасы Алтынқұл Тажмаханова ұлдарының бойына адалдық пен еңбекқорлық қасиеттерін сіңіре білді.

Жастайынан білімге ұмтылған ол 2000–2011 жылдары Жалағаш ауданындағы Т.Жүргенов атындағы дарынды балаларға арналған мектепте білім алды. 2011 жылы мектепті тәмамдаған соң, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі академиясына оқуға түсіп, әскери өмірдің қатаң тәртібі мен жауапкершілігіне бейімделе бастады.

Еңбек жолын Шығыс өңірлік басқармасының 2017 әскери бөлімінде бастаған жас офицер алғашқы күннен-ақ өзін тәртіпті, талапшыл әрі іскер маман ретінде көрсете

те білді. 2015–2018 жылдар аралығында «Терсайрық» шекара заставасы бастығының орынбасары қызметін атқарып, шекара күзетінің барлық қыр-сырын меңгерді. Бұл кезең оның тәжірибе жинақтап, нағыз әскери маман ретінде шыңдалуына үлкен мектеп болды. 2018–2020 жылдары «Аққолқа» шекара заставасының бастығы қызметін атқара отырып, жеке құрамның жауынгерлік дайындығын арттыруға, шекара күзетінің сапасын жақсартуға ерекше көңіл бөлді. 2020 жылдан бастап Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының «Майшілік» шекара бөлімшесінің бастығы лауазымында қызмет атқарды. Бұл кезеңде ол басқарушылық қабілетін айқын көрсетіп, бөлімшенің қызметін жаңа деңгейге көтерді. Нәтижесінде бөлімше көрсеткіштері жақсарып, ұжымның бірлігі мен кәсіби деңгейі артты.

Қазіргі таңда ол өз тәжірибесін жас сарбаздар мен офицерлерге үйретіп, олардың кәсіби қалыптасуына бағыт-бағдар беруде.

Майор Мәди Орынбек еңбегі басшылық тарапынан лайықты бағаланған. 2021 жылғы қызмет қорытындысы бойынша «Үздік шекара бөлімшесінің бастығы» және «Жыл шекарашысы» номинацияларымен марапатталуы – оның кәсіби біліктілігінің айқын дәлелі.

Ол тек білікті офицер ғана емес, сонымен қатар үлгілі отбасы иесі. Жары Маханбетқалиқызы Гаухармен бірге үш қыз тәрбиелеп отыр. Әке ретінде балаларын отансүйгіштікке, адамгершілікке баулып, өз ісімен үлгі көрсетуде.

Бүгінде ел шебінде қалтқысыз қызмет атқарып жүрген майор Орынбек Мәди Сырмағанбетұлы – жас буынға үлгі боларлық тұлға. Оның еңбекқорлығы, табандылығы мен Отанға деген адалдығы – Шекара қызметінің шынайы бейнесі.

Подполковник Ф. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР». Сурет отбасылық мұрағаттан.

ШАГ ЗА ШАГОМ К СЛУЖБЕ НА ГРАНИЦЕ

«Настоящий офицер не выбирает легкий путь он выбирает нужный», эта мысль как нельзя лучше отражает жизненный и служебный путь майора Даулет Галымжан Серикулы, заместителя начальника отдела пограничного контроля «Кайрак» (автомобильный) Департамента ПС по Костанайской области.

Его история это пример последовательного профессионального роста, где каждое решение было осознанным шагом к служению Родине. Уроженец Алматинской области, Илийского района, поселка Отеген батыр, он вырос в семье, где ценились ответственность и взаимопомощь. Будучи старшим ребенком, с ранних лет привык брать на себя ответственность за близких.

После окончания авиационного колледжа по специальности «Организация перевозок» и прохождения срочной службы во Внутренних войсках МВД в воинской части 5571 (г. Алматы), он принял решение связать свою жизнь с пограничной службой. В 2009 году началась его профессиональная карьера в Пограничной службе с должности младшего контролера грузового направления в отделе пограничного отряда «Алматы».

Дальнейший путь был связан с постоянным развитием и повышением квалификации. Обучение в Академии ПС стало важным этапом становления офицера. После ее окончания он был направлен в Региональное управление «Солтүстік», где продолжил службу уже в должности старшего контролера пограничного отделения «Байтанат».

С 2024 года он занимает должность заместителя начальника отдела пограничного контроля «Кайрак» (автомобильный) по воспитательной и идеологической работе.

– Воспитательная работа это не формальность. Это ежедневный труд, направленный на формирование у военнослужащих чувства долга, ответственности и понимания своей роли в защите государства, – отмечает офицер.

Особое внимание в его деятельности уделяется работе с молодежью. В Карабалыкском районе активно развиваются военно-патриотические клубы «Жас шекарашы», открытые в школах имени М. Сералина и А. Кунанбаева.



Проводятся и практико-ориентированные мероприятия – «Каникулы на заставе», «Снайперский рубеж», которые позволяют учащимся в интерактивной форме познакомиться с особенностями службы на границе.

Параллельно ведется системная профориентационная работа: отбор кандидатов на воинскую службу, сопровождение и подготовка школьников к поступлению в военные учебные заведения, включая профильные академии.


За годы службы майор Даулет Галымжан был удостоен высокой награды – медали «Шекараны үздік күзеткені үшін», Эта награда стала подтверждением его вклада в обеспечение безопасности государственной границы.

Старший лейтенант Н.САКЕН,
«OS-ЧР». Фото из личного архива Д. ГАЛЫМЖАНА.



ЕРДІҢ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛЫ

ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты Төле би ауданы бойынша шекара басқармасының «Тұрбат» шекара бөлімшесінде қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілер – ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде алдыңғы шепте тұрған нағыз кәсіби мамандар.



Солардың бірі – аға нұсқаушы кіші сержант Жарылқасын Мейрамбек.

Жарылқасын Әбілсейітұлы 1996 жылғы Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Тұрбат ауылында дүниеге келген. Ол жастайынан туған жерге деген сүйіспеншілік пен Отан алдындағы жауапкершілік сезімін бойына сіңіріп өсті. Білімін Жаңатірілік жалпы орта мектебінде алып, 2003–2013 жылдар аралығында мектеп қабырғасында өзін тәртіпті, еңбекқор және алға ұмтылған шәкірт ретінде көрсете білді.

Еңбек жолын азаматтық салада бастап, құрылыс саласында әрлеуші болып қызмет атқарған ол 2019 жылғы әскери қызметке келіп, шекара күзетіне өз үлесін қоса бастады. Алғашқы қызметін кавалерист лауазымында атқарып, қысқа уақыт ішінде өзінің жауапкершілігі мен тәртібі арқылы басшылықтың сеніміне ие болды. Аға нұсқаушы лауазымына тағайындалуы – оның кәсіби біліктілігі мен қызметке деген адалдығының айқын көрінісі. 2024 жылдан «Тұрбат» шекара бөлімшесінде өз қызметін абыроймен жалғастыруда.

Әскери қызметі барысында Мейрамбек Әбілсейітұлы түрлі жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетіп, кәсіби шеберлігін дәлелдей білді. Атап айтқанда, 2023 жылы Төле би ауданы бойынша іздестіру топтар арасындағы жарыста I орынды иеленсе, сол жылы Түркістан облысы бойынша өткен байқауда да үздік нәтиже көрсетіп,

республикалық деңгейдегі жарысқа жолдама алған. 2024 жылы да жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, Төле би және Түркістан өңірлері бойынша өткізілген жарыстарда I орындарды иеленді. Сонымен қатар, Түркістан облысы бойынша «Үздік кинолог» номинациясымен марапатталуы – оның кәсіби даярлығы мен жан-жақты дайындығының нақты дәлелі.

Отбасылық жағдайына келсек, Жарылқасын Мейрамбек қарапайым отбасынан шыққан, көпбалалы әулеттің бір мүшесі. Қазіргі таңда отбасын құрып, жұбайымен бірге берекелі шаңырақ көтерген Жұбайы – Толепбергенова Гүлнарна Камалқызы, жоғары оқу орнында білім алуда.

Бүгінгі таңда шекара қызметіндегі әрбір әскери қызметшінің ең басты міндеті – ел шебінің тыныштығын сақтау, заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету. Осы орайда кіші сержант Жарылқасын Мейрамбек Әбілсейітұлы сынды өз ісіне адал кәсіби білікті мамандар – Мемлекеттік шекараның сенімді қалқаны.

Мұндай әскери қызметшілердің табанды еңбегі мен жоғары жауапкершілігі – ел қауіпсіздігінің берік кепілі екені сөзсіз.

Подполковник Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

СЕНИМНЕН ШЫҚҚАН ТЕХНИК

Кейіпкеріміз 1986 жылы Павлодар облысы Железин ауданының Михайловка ауылында дүниеге келген. 9 сыныпты тәмамдап, Железин кәсіптік-техникалық училищесінде білім алып, орта арнаулы мамандық иесі атанады. Астана қаласындағы Ішкі әскер қатарында мерзімді әскери қызметін өткеріп келген соң, 2008 жылы Шекара қызметі қатарына қабылданады.

Еңбек жолын «Баянауыл» шекара бөлімшесінің жүргізуші болып бастаған Николай алғашқы күннен-ақ өз ісіне мығым, техника тілін терең түсінетін, жүктелген міндетке жоғары жауапкершілікпен қарайтын маман ретінде көзге түсе білді. 2011–2012 жылдар аралығында өзі туып өскен ауылындағы «Тұрсын» шекара бөлімшесінің жүргізушісі, ал 2012 жылдан бастап аға техниктің лауазымын абыроймен атқарып келеді.

Аға техник ретіндегі ол күнделікті бөлімшедегі автотракторлық техниканың, қару-жарақтың дұрыс пайдаланылуын, уақтылы тексерілуі мен техникалық қызмет көрсетуін қадағалайды. Сонымен қатар инженерлік құрылыстар мен бөгеттерді күтіп-ұстау, оларды жаңарту, қызметтік құжаттарды талапқа сай жүргізу де оның мойнында. Бұған қоса, ол күн сайын мемлекеттік шекараны күзету қызметіне тікелей қатысып, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне өз үлесін қосып келеді.

2025 жылғы қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттің

нәтижесі бойынша аға сержант Н.Бористің бақылауымен бөлімшедегі автотехника үнемі жарамды күйде ұсталып, уақтылы техникалық қызметтен өткізілген. Соның арқасында көліктер қызмет барысында ақаусыз пайдаланылып, тапсырмалар дер кезінде орындалды. Бөлімшеде жоспарланған барлық іс-шаралар мерзімінде атқарылып, инженерлік құрылыстарға күтім жасау жұмыстары да уақтылы жүргізілді.

Әріптестері Николай Николаевичті өз ісін жетік меңгерген, тәжірибесі мол, сөзі мен ісі үйлескен әскери қызметші ретінде бағалайды. Ұжым ішінде ол сабырлы мінезімен, қарапайымдылығымен, еңбекқорлығымен құрметке ие.

Қызметтен тыс өмірде Николай – ардақты жар, аяулы әке. Отбасында ұл мен қыз тәрбиелеп отыр. Жұбайы – мектепте мұғалім. Өзінің айтуынша, бос уақыты көп бола бермейді. Соған қарамастан, қолы қалт еткен сәттік бәрін отбасымен бірге өткізуге тырысады.

Осылайша, шекарада тынбай еңбек етіп, бөлімшенің техникалық әлеуетін нығайтып жүрген аға сержант Н.Борис сынды шекарашылардың қызмет жолы жас ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Майор Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР».
Сурет отбасылық мұрағаттан.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы қызметтік-жауынгерлік іс-қимылының қорытындысы бойынша «Тұрсын» шекара бөлімшесінің аға техникі аға сержант Борис Николай Николаевич департамент аумағындағы «Үздік техник» атанды.



ЗАВЕТ ОТЦА И СЛУЖБА НА ГРАНИЦЕ

Иногда судьба простого сельского мальчишки становится примером для целого поколения. История командира группы пограничного отделения «Бозбие» Департамента ПС по Костанайской области сержанта 3-го класса Мукашова Айдоллы Зейноллаулы – именно такая.



Спорт, дисциплина и верность долгу стали его жизненными ориентирами, приведя его к службе на государственной границе и уважению среди коллег.

Айдолла родился 4 января 1981 года в селе Акшыганак Жангельдинского района. С ранних лет он тянулся к спорту, проявляя настойчивость и характер. Уже с двенадцати лет в Аркалыке начал заниматься «қазақша күрес». Упорство и труд принесли результаты: он неоднократно становился призёром областных и республиканских соревнований, является кандидатом в мастера спорта.

– Спорт научил меня силе воли и выносливости. Эти качества стали опорой и в армии, и в жизни, – говорит Айдолла Зейноллаулы.

После школы он поступил в Аркалыкский педагогический институт имени Ы. Алтынсарина по специальности «физическая культура», который успешно окончил. Позже получил второе высшее образование по специальности «юриспруденция».

Военную службу он прошел в десантно-штурмовой бригаде в Алматы, где закалился как боец и как чело-

век. С 2009 года связал свою судьбу с Пограничной службой КНБ, где за годы службы приобрел большой опыт и авторитет.

Служебный путь Айдоллы Зейноллаулы начинался в десантно-штурмовой заставе. За это время он участвовал в задержании множества нарушителей государственной границы.

Сегодня он служит командиром группы пограничного отделения «Бозбие».

– Служба на границе требует высокой ответственности. Любое решение связано с безопасностью страны, – подчеркивает он.

За добросовестное исполнение служебных обязанностей он награжден грамотами и благодарственными письмами Директора Пограничной службы КНБ, а также неоднократно поощрялся руководством департамента. Является многократным чемпионом регионального управления по самбо и рукопашному бою.

Но за строгой военной выправкой стоит и заботливый отец. Его супруга Ботагоз работает в сфере медицины, а дети продолжают семейные ценности. Сын увлекается спортом, а дочь домбистка, лауреат республиканских конкурсов. Недавно отец и дочь исполнили песню «Әке тілегі», растрогав зрителей.

– Для меня главное счастье видеть, как мои дети растут достойными людьми и готовы служить Родине, – делится Айдолла.

Старший лейтенант Н.САКЕН, «OS-ЧР».
Фото из личного архива А. МУКАШОВА.



ТРИ БРАТА. ОДНА ГРАНИЦА

Степь под Пресновкой не любит громких слов. Здесь человека оценивают просто: по делу, по характеру, по тому, как он держит слово. И, пожалуй, именно отсюда начинается история братьев Шевелевых - не с приказов и должностей, а с земли, где их научили стоять крепко.

Старший – Владимир, с детства был из тех, кто тянет больше остальных – и в прямом, и в переносном смысле. Штанга, гири, армрестлинг – железо в руках и упрямство в характере. Рядом всегда был Николай. Младший, но не уступающий. Они росли вместе – тренировались вместе, ездили на соревнования, брали призовые места. Учились не просто побеждать – терпеть, работать, не сдаваться.

Это была их первая школа. Без погон. Но с настоящей закалкой.

2015 год. Владимир уезжает в Петропавловск – поступает в колледж на кондитера. Казалось бы, совсем мирная дорога. Но уже через два года он резко меняет курс: Караганда, Военно-техническая школа, специальность механика-водителя.

Октябрь 2017-го – армия. Служба проходит, как и положено: без лишнего шума, но с пониманием, что это – важный этап. В 2018 году он возвращается и пробует жить «как все»: работа в кондитерской, спокойный ритм. Но есть вещи, которые не отпускают.



В это время Николай идет своим путем. 2016 год – после 9 класса он поступает в машиностроительный колледж. Учится на электромонтера, участвует в конкурсах, параллельно – «Жас Ұлан». Там, где для многих просто кружок, для него – уже ориентир.

2019 год. Его очередь надевать форму. Пограничная служба. Курчум, учебка, потом – застава «Рабат» в Алматинской области. И вот там, на южной границе, среди совсем другой природы и других задач, приходит главное ощущение: это не просто служба – это его место.

2020 год. Николай возвращается домой и сразу принимает решение: идти по контракту.

Но делает шаг, который многое говорит о нем: он зовет с собой брата. Не уговаривает – предлагает. И Владимир соглашается. Потому что тоже понимает: мирная жизнь – это хорошо, но не совсем для него.

Документы, проверки, тишина и, наконец, 17 мая 2021 года – приказ: оба брата направлены на пограничную заставу «Аткөл». С этого момента их жизнь снова идет плечом к плечу. Только теперь – уже на границе.

Николай начинает с должности – тракторист. Без романтики, без громких слов. Земля, техника, задачи, которые нужно выполнять каждый день. Но именно здесь быстрее всего видно, кто чего стоит. Он не торопит события – просто работает. И служба отвечает тем же: через два года и два месяца – назначение начальником мобильной группы.

Владимир идет своим направлением. Он выбирает службу с розыскными собаками. Там, где важны не только команды, но и доверие. Где результат – это всегда работа двоих: человека и животного. Он становится старшим инструктором и остаётся верным этому делу уже не первый контракт.

Проходит время. И вот – октябрь 2025 года. На заставу «Аткөл» приходит третий брат – Сергей. Без особых объявлений. Просто делает тот же выбор. Сейчас он в Алматы – на курсах молодого бойца. Проходит тот самый путь, который уже прошли Владимир и Николай. Учится, втягивается, набирает первый настоящий опыт.

И если посмотреть на это со стороны – все складывается в четкую линию. Сначала старший проверяет дорогу. Потом средний – делает ее осознанным выбором. И, наконец, младший – идет уже по проложенному, но не упрощенному пути.

Три брата. Одна застава. Одна граница.

Такие истории редко звучат громко. Они не про пафос – они про опору. Про то, что защита рубежей держится не только на приказах и технике. А на людях, которые приходят сюда не случайно.

И иногда – на семьях, где слово «служба» передается не по уставу, а по жизни.

Майор Д. МУКАЖАНОВА, «ОС-ЧР».
Фото из личного архива.

НЫСАНАСЫ – ДӘЛДІК, ХОББИ – ШЕБЕРЛІК...



Біз ел шебінің сызатсыздығы үшін күні-түні шекарадан шықпайтын шекарашылар туралы қалам тербеуді бірінші кезекке қоямыз. Бұл – дұрыс та. Мәселен, шекара бөлімдері мен бөлімшелері тікелей бағынатын шекара басқармалары, сосын департамент бар. Ал мұнда шекараның ыстығы мен суығын бастарынан өткерген сардарлар мен офицерлер, келісімшарттың әскери қызметшілері қызмет атқарады.

«Құласаң, нардан құла» деп, қазақ атам айтпақшы, біз бүгін келісімшарт қызметінің ефрейторы Б.Сейдахметов туралы сыр шертуді мақсат тұтқан жайымыз бар. Өйткені, ол – департамент дараларының бірі. Өзі құралайды көзге атқан мерген.

Балқаш күзет тобының атқышы. Өзі Шекара қызметінің сапында 2018 жылдан бері. Осы жерде сәл үзіліс, бұл кезде «ОС-ЧР» газетінің ұжымы Астана қаласына қоныс аударған болатын. Сондықтан өзінің жас ғұмырын шекарашы мамандығымен байланыстыруды шешкен жас жігітпен таныстығымыз сәл кейінірек, 2020 жылы ведомстволық газеттің Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіндегі меншікті тілшісі болып тағайындалған кезден басталған-ды. Бұған біздің мамандығымыздың «көмегі» де көбірек тимей қоймаған.. Мәселен, департамент аясында жиі өтетін шара-

лардан ефрейтор Б.Сейдахметов қызмет атқаратын күзет тобы да қағыс қалған емес. Сондай шаралардың ішінен әсіресе «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалы департаментінің жеке құрамы мен шекарашы ардагерлердің арасында ұйымдастырған бильярд сайысын айтар едік. Бұлай дегеніміз, дәл осы шар тасын ұруға келгенде ішкен астарын жерге қоятындардың бірі болып шыққан Балқаш қарсыластарынан тек отставкадағы генерал-майор Марат Мажитовқа ғана есе жіберіп еді... Сонымен қатар, 13 шілде – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылған күніне орай, ҰҚК Алматы облысы бойынша департаментінің Қонаев қаласындағы демалыс үйлерінің бірінде өткізген футболда ішінде Балқаш бар біздің команда жүлделі үшінші орынды жеңіп алған болатын.

Балқаш Серікұлы Жетісу өңірінің Сархан ауданына қарайтын Көкжиде деген ауылынан. Шекарашымен сұхбатымыз осы жерге келгенде біз еріксіз қасымызды көрдік:

– Көкжиде?.. Атауы қызық екен..

– Біздің жақта жиде көп өседі. Әсіресе, көктемде гүлдеген жиденің жұпар иісі керемет. Мүмкін сосын да болар ат қоюға шебер аталарымыздың алақандай ауылды «Көкжиде» деп атандырғаны.

– Дұрыс екен.. Енді қызметіңізге қайта оралсақ. Сіздерге жүктелген міндет өте маңызды: стратегиялық маңызы бар нысанның күзеті мен қауіпсіздігіне жауап бересіздер.

– Иә, «Театр – киімдігіштен басталады» демекші, біздің қызмет те бақылау-өткізу постымен тығыз байланысты. Департаменттің жеке құрамын қоспағанның өзінде, күн сайын біздің алдымыздан ондаған адам өтеді. Өзге де міндеттер мен жұмыстар жетіп артылады. Сондықтан мен кейде өзімді шекара шебінде жүргендей сезініп кететінім бар..

Осылай деп, күлімсіреген Балқаштан тағы білгеніміз, ол қыз бен ұлдың әкесі. Сүйіп қосылған жан жары Сабина мұғалім. Бәрінен бұрын, биылғы жыл – шекарашының отбасында «ақ түйенің қарны жарылды» дейтін айтулы оқиға орын алғалы тұр. Балқаш осыдан 8 жыл бұрын өзі таңдаған «шекарашы» мамандығының арқасында, көптен бері армандаған үйге қол жеткізеді.

Әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«ОС-ЧР». Суретті түсірген автор.

НӘЗІК ЖАННЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗМЕТІ

Бүгінде шекара қызметінде абыроймен еңбек етіп жүрген нәзік жандылар да аз емес. Солардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасы «Ақжар» шекара бөлімінің радиотелефонист ефрейтор Индира Нұрмуханбетова.

Индира Мұратқызы 1982 жылдың 6 тамызында Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданына қарасты Дайыр ауылында дүниеге келген.

Өмір жолында отбасы мен қызметті қатар алып жүрген Индира Мұратқызы 2003 жылы Тарбағатай ауданының Ақжар ауылына келін болып түсіп, үлкен шаңырақтың ұйытқысына айналды. Бүгінде ол – төрт баланың анасы, немере сүйген ардақты әже. Отбасы – оның басты тірегі әрі шабыт көзі.

2008 жылдың 28 тамызында Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасына келісімшарт негізінде әскери қызметке қабылданып, «Құйған» шекара бөлімшесінде аға аспазшы лауазымында қызметін бастайды. Он жыл бойы осы салада еңбек етіп, өз ісіне деген адалдығы мен жауапкершілігінің арқасында өріптестері арасында құрметке ие болды.

Қызметке деген ынтасы мен өзін-өзі дамытуға деген талпынысы оны жаңа белестерге жетеледі. 2009–2012 жылдар аралығында Семей қаласындағы радиотехника техникумында сырттай білім алып, радио телефонист мамандығын меңгерді.

2018 жылы «Ақжар» шекара бөліміне ауысып, радиотелефонист лауазымына тағайындалды. Содан бері ол шекара күзетінің маңызды буыны – байланыс қызметінде мінсіз еңбек етіп келеді.

Ерекше атап өтерлігі – аталған шекара бөліміндегі жалғыз әйел әскери қызметші бола тұра, ол өз ісінің шебері, ұжымның сенімді тірегі бола білді. Ер-азаматтармен қатар иық тірестіре еңбек етіп, қызметтің барлық ауыртпалығын абыроймен көтеріп келеді.

Отбасында да шекара қызметінің дәстүрі жалғасуда. Жолдасы ұзақ жылдар бойы осы салада еңбек етіп, 2017 әскери бөлімінде жүргізушіден бастап, «Ақжар» шекара бөлімінің аға технигі лауазымына дейін көтеріліп, 2023 жылы зейнетке шыққан Ал ұлы Диас – Алматы қаласындағы ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясының курсанты. Бұл – отбасында қалыптасқан патриоттық тәрбиенің жарқын көрінісі.

Тұңғыш қызы Дильназ бүгінде Семей қаласындағы медицина университетінің студенті, отбасын құрып, ана атанып үлгерген. Қалған балалары да білім жолында табысты еңбек етіп келеді. Осындай өнегелі отбасының ұйытқысы бола отырып, Индира Мұратқызы қызметін де жоғары деңгейде атқарып келеді.

Ел шебіндегі қызмет – тек тәртіп пен кәсібилікті ғана емес, төзімділік пен рухани беріктікті талап етеді. Осындай қасиеттерді бойына тоғыстырған Индира Мұратқызы – бүгінгі шекара қызметіндегі нәзік жандылардың жарқын бейнесі.



Подполковник Ф. БАКЕТОВ, «ОС-ЧР».
Сурет отбасылық мұрағаттан.



ЕР НАМЫСЫ



Жастайынан елге қызмет етуді өмірлік мұрат еткен ефрейтор Ақылжан Мақшатов бүгінде Отанға адал қызмет етіп жүрген жас та болса тәжірибелі әскери қызметшілердің бірі. Оның өмір жолы жауапкершілікке, табандылыққа және туған жерге деген шынайы сүйіспеншілікке негізделген.

Ақылжан Нұрғазыұлы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты Жосалы кентінде дүниеге келген. Қарапайым отбасында тәрбиеленіп, бала кезінен еңбекқорлық пен тәртіпті бойына сіңіріп өсті. Білімге ұмтылған жас Алматы қаласындағы Қазақ Қатынас Жолдары университетінде білім алып, «Тасымалдауды ұйымдастыру, қозғалысты басқару және көлікті пайдалану» мамандығы бойынша жоғары оқу орнын тәмамдады. Отан алдындағы борышын өтеуді парыз санаған ол мерзімді әскери қызметке өз еркімен аттанды. «Зайсан» шекара жасағында радиотелефоншы ретінде әскери дайындықтан өтіп, қажетті білім мен тәжірибе жинақтады. Кейін «Қордай» шекара жасағының «Қасық» және «Қордай» шекара бөлімшелерінде қызмет етеді. Қызмет барысында тәртіптілігімен, жауапкершілігімен көзге түсіп, шекара бөлімшесі бастығының ұсынысымен «ефрейтор» әскери шеніне ие болды. Әскери борышын абыроймен өтеп, елге оралған соң, Қызылорда облысының департаментінде келісімшарт бойынша әскери қызметін жалғастырды. Қазіргі таңда «Жаңадария» шекара бөлімшесіндегі әскери қызметін абыроймен

атқарып келеді. Ол өз ісіне адал, жүктелген міндетті тиянақты орындайтын, әскери қызметші. Жеке өмірінде де ол үлгілі азамат. Отбасын құрып, жұбайымен бірге тату-тәтті өмір сүріп келеді. Ата-анасы зейнеткер, туған жері Жосалы кентінде тұрады. Отбасында екі ағасы бар.

Ақылжан Нұрғазыұлы – ел тыныштығын күзетуді басты міндеті санайтын, Отанға адал қызмет етуді өмірлік ұстанымына айналдырған азамат. Оның еңбек жолы – жас ұрпаққа үлгі болатын, патриотизм мен жауапкершіліктің жарқын көрінісі. Осындай қасиеттердің барлығы оның тұлғалық келбетін айқындап, нағыз әскери қызметшіге тән мінез-құлықтың үлгісін көрсетеді. Ол қай кезде де ел мүддесін жоғары қойып, өзіне жүктелген жауапкершілікті терең сезінеді. Болашақта да өз ісіне адал болып, қызметінде биік белестерді бағындырып, ел сенімін ақтай беретініне сенім мол.

Аға лейтенант Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

БАҒЫТТАУШЫ ҚЫЗМЕТКЕР

Ел шебінде тұрған шекара қызметі – мемлекеттің мызғымас қалқаны. Сол қалқанның беріктігі тек қару ұстаған шекарашылардың қырағылығымен ғана емес, үнсіз еңбек етіп жүрген талай жанның табанды тірлігімен де бекемделеді. Көп жағдайда көзге түсе бермейтін, бірақ қызметтің тұтастығын сақтап тұрған сондай жандардың бірі – Мурат Бисенбин.

Оның өмір жолы қарапайым ауылдан басталып, үлкен жауапкершілік жүгін арқалаған шекара қызметімен сабақтасты. 1976 жылдың қаңтар айында Ақтөбе облысы Шалқар ауданының Сарытөбе ауылында дүниеге келген Мурат Дузейевич бала кезінен тәртіп пен еңбекті серік етіп өсті.

Алматыдағы Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері әскери институтында (қазіргі ҚР ҰҚК Шекара қызметінің академиясы) алған білім оның өмірлік бағытын айқындап берді. Жас офицер ретінде қызмет жолын Шығыс өңірден бастап, елдің әр қиырындағы шекара бөлімдерінде еңбек етті. Зайсан мен Мақаншы, Ақтөбе мен Орал, Жәнібек пен Ақтау, Күршім – бұл жай ғана географиялық атаулар емес, оның қызмет жолындағы белестер.

Мурат Дузейевич әр жылдары шекара

заставасы бастығының орынбасары, барлау бөлімінің офицері, тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар саласының маманы ретінде қызмет атқарды. Бұл – тек қызмет ауыстыру емес, әр бағытта шыңдалып, тәжірибе жинақтаудың жолы.

Ұзақ жылдар бойы офицер ретінде ел шебін қорғауға сүбелі үлес қосқан Мурат Дузейевич ағымдағы жылдың 5 қаңтарында зейнеткерлікке шыққаннан кейін бүгінде шекара шебіндегі қызметін басқаша қырынан жалғастырып келеді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментінің тәрбиелік және идеологиялық жұмысы бөлімінде инспектор қызметшісі.

Мурат Дузейевич бұл істі де әскери тәртіппен жауапкершілікпен атқарып келеді. Оның әр ісінен бұрынғы офицерлік тәжірибесі анық

байқалады. Себебі, ол – тек құжатпен жұмыс істейтін маман ғана емес, Шекара қызметінің қыр-сырын терең меңгерген тәжірибелі әскери қызметкер.

Отбасында да ол – үлгілі әке, ардақты жар. Жұбайымен бірге екі ұл тәрбиелеп өсіріп отыр. Бірі – жоғары оқу орнының 1 курс студенті, екіншісі – мектеп қабырғасында 7 сынып оқушысы. Бұл да болса, әкенің еңбегі мен тәрбиесінің жемісі.

Мурат Бисенбиннің еңбек жолы – Шекара қызметіне адалдықтың, әскери тәртіпке беріктіктің айғағы. Ол офицер ретінде де, бүгінгі күні қызметші ретінде де ел шекарасының тыныштығына үлес қосу мақсатында қызмет етіп келеді.

Аға лейтенант Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.



— ЖУРНАЛИСТІҢ ЖОЛ КҮНДЕЛІГІНЕН —

КӨКТЕМНІҢ АЛҒАШҚЫ ЖАРШЫСЫ

Бірақ біз таңдаған таудың іші де «жарап» жатыр еді. Өйткені, мұнда шекарашылар қаншама рет жергілікті тұрғындардың өз бетімен жайылып жүрген малына көз алартқан барымташыларды құрықтады. Шекара аймағының тәртібін бұзған азаматтарды әкімшілік жауапкершілікке тартты. Айтпақшы, осы таудың ішімен жүрген сайын өз басымнан көшірген бір оқиға көз алдыма көлбеңдеп тұра қалатын. Өзі былай болып келетін.

2022 жылдың көктемі. ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қастек» шекара бөлімшесінің учаскесінде ІІМ Ұлттық ұлан мен Десанттық-шабуылдаушы әскерлерімен бірлескен көшенді оқу-жаттығу жиыны өтті. Ұлттық ұлан әскери шатырларын бөлімшеге жақын жерге тікті. Ал десанттық-шабуылдаушы әскерлердің ротасы спортзалды місе тұтқан. Сөйтіп, басталып кете барған жиынның жоспарында тау

Шекараның бойында фотосессия жүріп жатты. Тек мұнда шекаралық бақылау-із кесу жолақтары жоқ болатын. Инженерлік сымдар тартылған. Әйтсе де, екі елдің арасын бөліп тұрған бағандар алыста еді. ол жаққа бару үшін жол талғамайтын әскери көлікпен шамамен екі сағаттай жүруіміз керек. Бірақ, біз...



ішіне барлау жасау екен. Сол-ақ екен, әсіресе ұландықтар күлден қайта туған феникс, сілкініп шыға келсін. Әр 100 метр сайын көліктерін қаңтарып қойып, біресе судың жанында, біресе дәу қойтастың үстіне шығып суретке түсіп өлек. Қысқасы, табиғаттың сұлулығына тамсанған әскерилер осы тамашаны өздерінің жанарларына ғана емес, жүректеріне де сыйдырып алғанша асық. Ал біздің шекарашылар салмақты еді. Күнде көріп жүргендіктен емес, олар жаратылысынан осылай. Туған жердің сұлулығы мен байлығын қорғау үшін шекарадан күні-түні шықпайды. Сондықтан әр әдемілікке «сұқтанғаннан» гөрі қырағылықты артық көреді. Сол жолы да өздерінен алыста, мегаполистің тыныштығын күзетіп жүрген әріптестерінің «әрекеттеріне» түсіністікпен қарауға тырысқан. Мені осы еді, тәтті өткен...

...Енді міне, сол жерге шекара нарядының қызметін түсіру үшін жүзінші мәрте қайта оралып

тұрмыз. Обалы нешік, аға нарядшы, «Қастек» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары, лейтенант Зайр Хамзахунов пен оның сайыпқырандары да аянып қалмаған. Біздің – журналистердің ел шебіндегі «қаруы» - фотоаппараттың алдында образға енгенше асыққан. Бұл – судың жағасында, таудың биігінде, қалың өскен шөптердің арасында. Осылайша, бірнеше сағатқа созылған жұмысымыз аяқталып, «қаруымызды» иығымызға ілгеніміз сол еді, бізден бірнеше қадам жердегі бәйшешекті көріп, бір орынымызда қаттық та қалдық. Өзі өткен жылдан қалып қойған шөптердің арасынан қылтып көрінеді. Алғашқы болып, көктемнің келгенін жаһанға жария еткісі келетіндей... Осылай ойлауымыз мұң екен, неге екенің, жанымыз жадырап сала берген. Көктемнің алғашқы жаршысы...

Әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.



ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ ҰРЫСЫНАН АУҚЫМДЫ ЖАРЫС

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің барлық өңірлік департаменттерінен жиналған үздік жауынгерлер бұл додада өзара бақ сынасып, төзімділік пен шеберліктің, тәртіп пен табандылықтың жоғары үлгісін көрсетті. Әрбір қатысушының дайындығы мен жинақылығы, жекпе-жек барысындағы батыл шешімдері жарыстың деңгейін айқындап, шынайы бәсекеңіз көрінісіне айналды.

Жарыс 57, 62, 67, 73, 80, 88, 97 және 97 келіден жоғары салмақ дәрежелері бойынша өткізілді. Әр салмақтағы белдесулер тартысқа толы болып, қарсыластар бір-біріне дес бермей, жүлделі орындар үшін бар күш-жігерін салды. Бұл тек спорттық жарыс қана емес, сонымен қатар шекара қызметіндегі қызметтік-жауынгерлік қызметтің маңызды құрамдас бөлігі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Жалпыкомандалық есеп қорытындысы бойынша Ақтөбе облысының командасы үздік нәтиже көрсетіп, бірінші орынды иеленді. Екінші орын Жамбыл облысының құрамасына бұйырса,

үшінші орын Қызылорда облысының командасына табысталды. Төртінші орынды Абай облысы еншілеп, бесінші орын Шығыс Қазақстан облысының командасына тиесілі болды.

Жарыстың ашылу салтанатына Қордай ауданының әкімі Бекзат Болатбеков қатысып, қатысушыларға сәттілік тілеп, мұндай іс-шаралардың жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудегі маңызын атап өтті.

Аталған дода Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Жауынгерлік дайындық және әскерлер қызметі департаментінің бастығы полковник Колесников Олег Вальерьевичтің басшылығымен жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Бұл жарыс шекарашылардың тек дене дайындығын ғана емес, сонымен қатар рухани беріктігін, ұжымдық бірлігін және Отан алдындағы адалдығын айқын көрсеткен тағылымды шара ретінде есте қалды.

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН, «ОС-ЧР».
Суретті түсірген автор.

Ел тыныштығы мен мемлекеттік шекараның мызғымас беріктігі – әрбір шекарашының жүрегінде сақталған қасиетті міндет. Осы жауапкершілікті терең сезіну, жауынгерлік рухты шыңдау және кәсіби дайындықты арттыру мақсатында Жамбыл облысының Қордай ауданында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Кубогы үшін қоян-қолтық ұрысынан ауқымды жарыс ұйымдастырылды.



7 СӘУІР – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ КҮНІ

ШЕКАРАШЫЛАР ТҰҒЫРДА

Футбол – тек ойын ғана емес, ол мінездің, тәртіптің және командалық рухтың көрінісі. Дәл осы қасиеттерді Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің «Шекарашы» футбол командасы Қазақстанның Әуесқой футбол лигасы жарыстарында лайықты өнер көрсетіп, толық дәлелдеді.



Маусым қорытындысы бойынша «Шекарашы» командасы 35+ санатында 15-тен астам команда арасынан үшінші орынды иеленіп, жоғары дайындық деңгейін, ұйымшылдығын және нағыз жеңіске деген жігерін көрсетті. Турнир өліміздің түкпір-түкпірінен келген ең мықты әуесқой ұжымдарды біріктіріп, жүлделі орындар үшін болған дода шынымен де тартысты өтті.

Алғашқы ойындардан-ақ шекарашылар сенімді әрі ұйымдасқан ойын өрнегін көрсетті. Команда қорғанысты сауатты құрып, шабуылда тиімді әрекет етті және жауапты сәттерде ойын барысын өз пайдасына өзгерте алатынын бірнеше рет дәлелдеді.

«Шекарашы» командасының командалық рухы ерекше атап өтуге тұрарлық. Алаңда әр ойыншы біртұтас механизмнің бөлшегіндей әрекет етті – өзара қолдау, көмек және тәртіп табыстың негізгі факторларына айналды. Тіпті күрделі ойын жағдайларында да команда сабыр сақтап, соңғы ысқырыққа дейін күресін жалғастырды.

Осындай беделді турнирге қатысып, жүл-

делі орын алу – бұл тек спорттық жетістік қана емес, сонымен қатар әскери қызметшілердің салауатты өмір салтымен ұштастыра алатынының айқын дәлелі. Олар үшін спорт – қызметтің ажырамас бөлігі, дене дайындығын, рухты және жолдастықты нығайтудың тиімді жолы.

Қоржындағы үшінші орын – табанды еңбек, тұрақты жаттығу және үздіксіз жетілуге ұмтылыстың заңды нәтижесі. «Шекарашы» командасы шекарашылардың тек мемлекеттік шекараны қорғауда ғана емес, спорт алаңдарында да мықты екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Алда команданы жаңа турнирлер мен жаңа сынақтар күтіп тұр. Сенімді ойын мен жауынгерлік рух үлгісін көрсете білген «Шекарашы» командасы әлі талай рет өздерін танытып, тұғыр биігінен көріне беретініне сенім мол.

Лейтенант Д.ЖАМУХАМБЕТОВ,
«ОС-ЧР». Суретті түсірген
қатардағы А.НҮКЕШОВ.

КЕНЕДЕН САҚ БОЛЫҢЫЗ

Көктем мен жаз мезгілдерінің басталуымен табиғи ошақтық инфекциялардың, соның ішінде кене энцефалитінің таралу қаупі айтарлықтай артады. Бұл әсіресе табиғи аймақтарда қызмет атқаратын шекара бөлімшелерінің жеке құрамы үшін өзекті мәселе болып қала береді.



Кене энцефалиті – орталық жүйке жүйесін зақымдайтын қауіпті вирустық ауру. Ол негізінен иксодты кенелер арқылы жұғады. Ауру жұққан жағдайда дене қызуы көтеріліп, әлсіздік, бас ауруы байқалады, ал ауыр түрлерінде жүйке жүйесінің зақымдануына әкелетін асқынулар дамуы мүмкін.

Мамандардың айтуынша, шекараның аумақтық бөлімшелерінде бұл инфекцияның таралуына бірқатар факторлар әсер етеді. Атап айтқанда, орманды және далалық аймақтарда қызмет өткеру, табиғи ошақтардың болуы, жеке қорғаныс талаптарының сақталмауы және санитариялық-эпидемиологиялық бақылаудың жеткіліксіздігі қауіптің артуына ықпал етеді.

Кене энцефалитінің алдын алу мақсатында Шекара қызметінің әскери-медициналық бөлімшелері жыл сайын көктем мезгілінде профилактикалық іс-шараларды күшейтеді. ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №620 қаулысына сәйкес, инфекция ошақтарында орналасқан бөлімшелерде вакцинация жүргізіледі.

Сонымен қатар, көктем-жаз маусымында Конго-Қырым геморрагиялық безгегі сияқты аса қауіпті инфекциялардың тіркелу қаупі де сақталады. Соңғы жылдары климаттың өзгеруіне байланысты эпидемиялық маусым ерте басталып, ұзаққа созылу үрдісі байқалып отыр. Қазақстанда бұл аурудың табиғи ошақтары Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары мен Шымкент қаласында орналасқан.

Жеке құрамның өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында шекара бөлімшелерінде кешенді алдын алу шаралары жүргізіледі. Олардың қатарында түсіндіру жұмыстары, медициналық бақылауды күшейту, арнайы қорғаныш киімдерін пайдалану, репелленттік құралдарды қолдану, қызметтен кейін өзін-өзі және өзара тексеру, сондай-ақ аумақтарды санитариялық өңдеу бар.

Кенеден сақтанудың негізгі сақтық шаралары:

- қорғаныш киімдерін кию;
- репелленттерді қолдану;
- қызметтен кейін өзін-өзі тексеру;
- санитариялық өңдеу жүргізу;
- түсіндіру және медициналық бақылауды күшейту.

Мамандардың ескертуінше, кене шаққан жағдайда оны қауіпсіз түрде алып тастап, дереу медициналық пунктке жүгіну қажет. Уақытылы көрсетілген көмек ауыр асқынулардың алдын алады.

Лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ, «ОС-ЧР».
Сурет ғаламтор желісінен.



Сәлеметсіздерме ағам ағам мен бауырларым қадарыңыз мақарыма?

Мені уайымдамаңыздар менде бәрі жақсы, қызметімді қырағы әрі ағам атқарудамын.

Мен әскерде жаңа достар, жаңа орта мен таныстым жақсы арақалдым. Әскерге келгені біраз замт үйрендім, менің дүркіс менің бұрыс екенін ұғдым.

Маған бұл шекара шебі нағыз жігіт, ер жігіт бауыр үйретті. Сонымен қатар әскер маған ұзақттың, жанымға жақын адамдардың қадірін түсініргі.

Сіздерге қалай? інілерім аман-есен өсіп жатырмы?

Аларға да сәлем айтыңыздар менің ағамым.

Бұйырса көп қызығымыздар артты қанды, көбі кетіп азы қалды. Менде көіп қалғым қызық күзге қарай, соңыңтан көп уайымдап алаңдамаңыздар. Оңтүстік берген тәрбиеніңізге берік келемін, есіккімнің ала жібін атталай тәрбиеніңіз ді күнге дейін жақсырып тұр.


Сәлеметпен ұлың: Шөлеген.

ҰҚК шк жетісу облысы б/ш
Департаментінің Алақол ауданы
бойынша шекара басқармасы
«Айдаһар» шкб сарбазы
Байжұман Шөлеген Сәрікұлы



ТӨРТ ТІЛДЕ СӨЙЛЕЙТІН ШЕКАРАШЫ

Бұл бір ғанибет көрініс болатын: екі сарбаздың бір-бірімен ағылшын тілінде еркін сөйлескен сәті. Сұхбаттасқаны. Әсіресе олардың Александр Бектің қазақтың біртуар қолбасшысы Бауыржан Момышұлы туралы «Арпалыс» повесі туралы пікір алмасқаны...



Олар – «Көктем – 2026» шақырылымының жас сарбаздары. ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының Ақжардағы техникалық және кәсіби-даярлық бөлімінде әскери қызметтің қыр-сырымен танысуға кіріскендеріне үшінші апта болды. Елордамыз Астана қаласынан бастап, солтүстік пен оңтүстіктен, шығыс пен батыстағы өңірлерден келген жастар үшін үйді сағыну, жауапкершілікті алғаш рет сезіну, таңғы сап, талқыланбайтын бұйрыққа бағыну, тәртіп, алғашқы жаттығулар басталды. Олардың арасында ағайындылар мен егіздер ғана емес, жоғары білімділер де көп кездеседі. Дегенмен, бізді

бірнеше тілде еркін сөйлейтін қос сарбаз қатты қызықтырған. Тағы, бойы екі метрден сәл-ақ асатын алып шекарашы да бар... Тек, барлығы рет-ретімен.

Алдымен қатардағы жауынгер Дінмухаммед Шәйлін туралы. Ол Астана Халықаралық университетінің түлегі. Ал өзі Жамбыл облысының Жуалы ауданына қарайтын Бірлік ауылында дүние есігін ашыпты. Ақбастау деген бұлағы бар атамекенінен Астана қаласына қоныс аударғандарына көп болмаған көрінеді. Есесіне, Дінмухаммед өзінің арғы атасы Құрманбек Мархабаев Кеңес Одағының батыры хәм Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлының досы болғанын, екеуінің Ұлы Отан соғысына да бірге аттанғанын ерекше леппен жеткізген. Алайда, Бауыржан Москваны қорғаса, Құрманбек ата Ленинград майданында болған жан беріп, жан алысқан қанды шайқастан аман шықпапты...

– Бірі, қазақ халқының даңқты перзенті, екіншісі өзімнің атам – Ұлы Отан соғысының батырларына қарап бой түзеп өстім. Сол аталарыммен мақтанғым, соларға ұқсасам деген зор арман көкейімнен кеткен емес. Мектепте де, университетте де намыстың, рух пен батыр Бауыржанның кітаптарынан алған тәлімнің арқасында өзімді қамшылап оқыдым, - дейді жас сарбаз Д.Шәйлін. Көктемгі әскерге шақыру науқаны басталысымен, шекарашылар сапына да өзім сұрандым. Аталарым халқымызға бейбіт өмір сыйлау үшін Ұлы Отан соғысына аттанса, мен тәуелсіз еліміздің шекарасын қорғауға бекіндім. Бір жағынан, шекарашы атану мен үшін мақтаныш.

Бізбен осылай деп ағынан жарыла сырласқан жас сарбаз әскерге дейін алған мамандығының арқасында АҚШ-тың Аляска

штатында төрт жылдай жұмыс істепті. «Білесіз бе, осы бір жұртқа суық болып көрінетін жерде жүріп, Алясканың қысын Алтайдың суығына ұқсаттым. Ал жаз айларында мен өзімді Алматыда жүргендей сезінетінмін. Туған жерімді сағынғанымда мені осы ойлар жылытатын...», - дейді ол.

Қызық теңеу екен, дегенмен, қайда жүрсе де өзінің қазақ екенін есінен шығармаған жас жігіттің сөзінен ғана емес, тұла бойынан да патриоттық рухты сезінгендей болдық. Ал бұл – әсіресе шекарашыға тән қасиет.

Ал ол білетін тілдерге келетін болсақ. Ол – орыс, ағылшын және түрік тілдерін меңгерген. Өзінің ана тіліндей еркін сөйлейді. Сонымен қатар, француз, араб тілдеріндегі әдебиеттерді түсініп оқып, аударалады. Тағы, көне түркі тілін зерттеп жүрген көрінеді. Арғы ата-бабаларының тарихын қопарып, солар туралы кітап жазғысы келеді... «Арғы аталары» демекші, Димаш – Шанышқылы Қараменде батырдың ұрпағы. Төле бидің тұсында Ташкенттің он алты қақпасын қорғаған мыңбасы болғаны туралы мәліметті тапқан көрінеді. Қазақ ғалымдары зерттеп, тасқа басып шығарған Шанышқылы Бердіқожа батырдың інісі ретінде қасында жүрген.

...Иә, бізге сұхбат беруге ықыластана келіскен сарбаздың еңгімесі бізді өзіне шым тартып әкеткенін несің жасырайық. Демек, Димаштан болашақта мықты шекарашы, туған елінің нағыз патриоты шығатынына көміл сендік. Ал әзірге ол үшін темірдей қатал тәртіпке негізделген әскери өмірдің алғашқы парағы енді ашылды.

Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.



Суретті ЖИ арқылы жасаған қатардағы Д.ҚУАНЫШЕВ

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_pogran@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraknb
Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Редактор: Азамат Муханов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин

Компьютерлік безендіру және беттеуші:
Нұржан Қабдулов
Корректорлар: Майра Касенова
Немірдің кезекші редакторлары:
Олжас Жақсылықов, Айдос Киргизбаев, Диас
Жанұхамбетов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы уақыт пен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. Газетті есепке қою туралы № 1394-г куәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық министрлігі келісім берген. "OS-ЧР" газеті ҚР ҰҚК ШҚ Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.